

FTAMP 17.71.91

Е.Еркін,

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты,
Алматы қаласы, Қазақстан
erzat010@mail.ru
ORCID ID - 0000-0002-1974-5374

Қазақ фольклорындағы жабайы аң-құстарға байланысты қастерлі ұғымдар

Түйіндеме. Ғасырлар бойы ұлы далада көшпенді тіршілік кешкен қазақ халқы жаратылыстың тылсым сырларына қанығып, жан-жануар, аң-құстардың қасиетін жақсы білген. Байырғы әлем халықтарында Фетишизм, Магия, Анимизм, Төтемизм, т.б діни сенім элементтері болғаны секілді, қазақ халқында да осындай көне наным - сенімдердің сарқыншақтары сақталып келді. « Ол кездегі адамдар кейбір аңдарды қасиетті деп санап, қадыр тұтқан, оларды өздерімен туыстас деп ойлаған, ал, кейбір жануарларды рудың бабасы деп сенген. Осындай аңдардың мейірі түспесе, аңшылардың жолы болмайды деп түсінген», – деп жазады академик ғалым С.Қасқабасов (Қасқабасов С, 2002:200). Шынымен де, қазақ халқын құрайтын ру-тайпаларда өздерінің шығу тегін мәлім бір өсімдік, жануар немесе табиғат құбылыстарымен байланыстыру сенімі кездеседі. Мәселен: найман руының ұраны – қаптағай (Түйекиік). Қаптағай - атан жілікті, нар тұлғалы, қаһарлы түйе бурасының атауы, демек, ежелгі ру-тайпалар өздерінің таралу тегін генетикалық-туыстық жағынан белгілі хайуанаттармен, өсімдіктермен байланыстырып, оларды қастерлеп, төтемдерінің тылсым қасиеттеріне табынған.

Кілт сөздер: фольклор, ауыз әдебиеті, кие, төтем, киелі аң-құстар, аңыз-миф, ертегі

Кіріспе. көне көшпенділерде төтем аңның бейнесін адам денесіне салу жағдайы да орын алған. Төтем (Ojibwe doodem) - рух, қасиетті зат, бір шоғыр адамдардың, мәселен бір әулеттің, бір тайпаның символы. Төтем терминінің өзі солтүстік Америкадағы Ojibwe тайпасының тілінен шыққанымен, ол әлемдегі көптеген халықтарға ортақ дүниетанымды білдіреді. Солтүстік Американың тынық мұхит солтүстік – батыс жағалауындағы төтем бағаналары түрліше аң-құс немесе өсімдіктің бейнесі ретінде ойып жасалынады. Мәселен аюлар, құстар, бақа, адам және әртүрлі табиғат, су асты әлемінің тіршілік иелері бедерленеді. Бұл оймалар сол тайпаның, әулеттің бастан кешірген оқиғаларын баяндайды.

Әдістер. М. Өмірбекова «Көшпенділер мәдениеті» атты кітабында былай дейді: «көшпенділердің көптеген тайпа көсемдері өздерінің денесіне төтемдерінің мифтік аң, құс, жануар суретін салған. Олар сол аңның күші адам денесіне дариды деп сенген. Төтемнің бейнесі неғұрлым қорқыншты болса, ол солғұрлым тайпаның және көсемнің өмірін табиғаттың тылсым күштерінен қорғайды деп сенген. Көсемнің денесіне салынған төтемнің әртүрлі композициясы пазырық, Аржан -2, Шибө, Кәлджин қорғандарынан табылды» (Өмірбекова М.Ш, 2015:81).

Ел арасындағы әңгімелерде аңшылар аңды атардың алдында алдымен, әлгі аңның иесіне бағытталған тұрақты сөз тіркесіне айналған жалбарыну және сұрау мағынасындағы сөздерді айтқан соң ғана ататын болған делінеді. Мұның өзі сол аңның киесіне деген ежелден келе жатқан наным-сенімнің көрінісі болып табылады.

Бұл туралы Шоқан Уәлиханов: «Қазақтар киеге үлкен мән береді. Табиғаттың кейбір апаттарын, отты, кейбір жануарлар мен құстарды, көшпелі тұрмысқа қажет заттарды киелі

деп қастерлейді. Осы аталғандарды құрмет тұту, ырым жорасын жасап тұру, адам баласына байлық пен бақыт — құт әкеледі деп түсінеді. Ал, осы кәделерді ұстамау, киелерді құрметтемеу жоқшылыққа душар етеді. Сондай құдіретті күші бар жан-жануарларды киесі бар дейді, ал олардың өзін киелі деп атайды. Жан-жануарлар мен заттардың киесін қадірлемеу киенің қаһарын туғызады. Киенің ашуы, қаһары — кесір деп аталады», - деп түсініктеме береді «Қазақтардағы шамандықтың қалдығы» атты еңбегінде (Уәлиханов Ш, 2010:52).

Бұл мақалада Қазақ дүние танымында киелі саналатын бөрі, құстар және мүйізді хайуандар (арқар, бұғы-марал, тауешкі) туралы фольклорлық мәтіндерге, ғылыми әдебиеттерге т.б сараптама жүргізіліп, талдау жасалынады.

Мәселен, әлем халықтарында Зоолатрия-жануарларға табынау рәсімдері кеңінен таралған. Жануарлардың құдайларын құрметтеу, ғибадатхана салу, құрбандық беру т.б меңзейді. Ежелгі мысырда мифологиялық тәңір иелерге байланысты айтылатын киелі хайуанаттар болған, сондықтан да олар қабырлықтарда адамға қоса мумияланған. Жапон архипелагында тұратын Аину тұрғындары аюды өздерінің тілінде «Камуй» деп атайды, бұл Құдайды білдіреді. Аинуларда көптеген жануарлар құдай деп саналса да, аю ең басты құдай есептелінеді, Аинуларда Құдай адамзат әлеміне келген де, жануарлардың сыртқы келбетін қабылдайды деген сенім болған. Халықтардың өмір сүрген ортасына байланысты кейбір хайуанаттарды киелі санап табынады. Мәселен, Жапонияда китке табыну кең етек алған, будда құлыптастарына кит аулау туралы арнайы жазады да, Жапондықтар будда құдайынан киттің қайта туылуын қалап мінәжат етеді.

Ал Қазақтар айырықша қастерлейтін киелі ұғымдардың (ан) бірі –көкбөрі. Көкбөрі түрік халықтарының фольклорында молынан ұшырасады. Ғұрыптық жырларда, эпостарда, мифологияда, халықтық ем-домдарда, арбау өлеңдері мен шежірелерде тәңірлік құдіреттің символындай болып, ерекше әспеттеледі. Қазақ фольклорында көкбөрі - ежелгі қасиетті ата-бабаның бейнесі. Адамның қысылған халыққа жол бастаушы, көмек қолын созушы, жаугершілікте жұртта қалған дәрменсіз сәбиді асыраушы ретінде, батырлардың, қасиетті адамдардың желеп-жебеушісі, иесі ретінде көрініс тапқан.

Нәтиже. «Түріктердің ата-бабалары», «Ашина», «Сазды көлдің маңын», «Көкбөрі», «Гун елінің...», «Көк түркілер», «Елжау би», «Оғыз» т.б мифтерде көкбөрі бейнесі киелі, қасиетті аң ретінде көрінеді.

Мәселен «Аю батыр мен Айсұлу» атты мифтік аңызда көкбөрі сағым болып ұшып кететін ғажайып жаратылыс ретінде сипатталады. «Қар тоқтаған соң тас үңгірден шыққан Аю батыр "тірі қалған жан бар ма екен" деп, жұтаған қауымның жұртын кезіп келе жатып, көкбөрінің бір үлкені қар астынан қазып шығарып жатқанын көреді де "айырып алайын" деп айғайлап ұмтылады. Ол таяп келгенде, көкбөрі өлікті тастай салып, көк сағым болып, көкке ұшып кетеді. Ақ қардың бетінде айдай сұлу бір қыз жатады. Бұл бөстекке оранған бойы қар үстінде қалған "Айсұлу" атты ару екен. Ол өкпесі бүлкілдеп, тірі жатыр, оның уыздай денесіне бөрінің тісі тимепті» (Бабалар сөзі, Т 78, 2011:47).

Мәтіннің астарына назар аударсақ, адамдар жаратылыстық апаттан құрып бітуге айналғанда, көкбөрі Айсұлуды аю батырға силайды. Демек, көкбөрі жаратушының нышаны ретінде аңызға кірігіп кеткен.

Ғұндар туралы айтылатын көне қытай жазбаларынан белгілі «Түріктердің ата-бабалары» атты ескілікті аңызда ағайынды ғұндардың бірі бөріден туады.

«...Солардың ішіндегі Ижі-Нишыду дегені бөріден туыпты... Нишыдудың жын боран соқтырып, күн жайлататын құдіреті бар екен. Оның екі әйелінің бірі – Жаздың құдайы, екіншісі, Қыстың құдайы екен. Нишыдудың төрт ұлы бар болған. Солардың біреуі аққуға айналып кетеді» (Бабалар сөзі, Т 78, 2011:50).

Төмендегі аңыз-мифтерде көкбөрі-көне түркі тайпаларынан қалған жалғыз тұқымды асырап-сақтаушы, оларға жол бастаушы ретінде көрінеді.

Күтпеген жерден ашиналықтарға көршілес бөгде тайпа шабуыл жасап, қырып салыпты-мыс. Ойран-топан болған жұртқа он жастағы баланың аяқ-қолын кесіп, тірі тастап кетіпті.

Қаншық қасқыр оны тауып алып асырайды. Ер жеткен соң әлгі бала қаншық қасқырға үйленіпті-мыс. Осы кезде ата жауы баланың тірі екенін біліп, тауып алып, өлтіріпті. Осы ұлдан жүкті болған қаншық қасқыр Гоацанның (Тұрфан) теріскейіндегі тау қойнауына барып тығылады. Осындағы үңгірді паналап жатып, он ұл тауыпты-мыс (Бабалар сөзі, Т 78, 2011:50-51).

Соғыс біткеннен кейін, алып кету үшін қайтып оралса, балаға құстардың су тасып себелеп, Көкбөрінің емізіп тұрғанын көреді (Бабалар сөзі, Т 78, 2011:67).

Таң атқанда, Оғыз қағанның күркесіне күн сәулесіндей бір жарық түседі. Сол жарықтан түгі көк, қою жалды бір арлан бөрі көрінеді. Ол тіл қатып: "Ей, Оғыз, сен Рұмға қарай жаза жорығына аттаныпсың, мен саған жол бастайын" дейді. Оғыз қаған күркелерін жиып, жүріп кетеді. Әскерлердің алдында көк түкті, көк жалды бір арлан бөрі жол бастап бара жатады (Бабалар сөзі, Т 78, 2011:47). Адаева.Г.А «көне қазақ төтемдері» мақаласында: «Көк түрік заманында олар бөрінің суреті салынған ту көтергені белгілі. Бұл түріктердің арғы тек ретінде түп ананы түсінген, ұлы ананың жылан, қасқыр кейіптерінің символы», -деп келтіреді. (Хабаршы, қайнар университеті, 2009: 7).

Талдау. Көкбөрі-ежелгі түркі тайпаларының ортақ төтемі ретінде көне жәдігерлік мұралардан да ұшырасып отырады. Мәселен, «1957 жылы Моңғолияның Архантай аймағындағы Томор деген жерден табылған 572 жылы түрікілердің Таспар қағанының жарлығымен орындалған ескі брахма және соғды жазуы жазылған ескерткіштің үстінде бір баланы құшақтап емізіп отырған көкбөрінің бейнесі бейнеленген. Және осы аймақтың С.Клияшторни зерттеген бейіт қорғаннан, мола есігінің екі босағасына орнатқан екі бөрінің мүсіні табылған. Бөрінің санына түркілік түсірілген. Жоғарыда хатқа түскен аңыздардан тыс « түркілер туына алтынмен апталған бөрінің бас суреті салынған. Олар қарауылдарды да «бөрі» деп атайтын», - деп жазылған». Томордан табылған археологиялық факт жоғарыда келтірілген мифтік аңызды толықтыра түсетіндігі хақ. Моңғоля қазақтарының арасынан алынған бақсылар сарынында мынадай тіркес кездеседі: « Бөрі, бөрі, бөрі ием, кел, жебеуші бөрі ием. Ұмай ене, Шашты әзіз еміп өскен бөрі ием...». Бұл төтемдік танымның бақсылықпен ұштасып жеткендігін аңғартады. Қазақ халқында көкбөріні киелі санаудың сарқыншақтары тілде де, наным-сенімде де сақталған. Мәселен, бертінге дейін қасқырды «Тәңірдің серісі» деп танып, оған тіл тигізбей келген. Жаңадан енші алып отау көтерген кезде қойға қасқыр шапса, оны жақсылыққа жорыған. Себебі бұл әдеттегі қасқыр емес, қасиетті «көкбөрі», оның қораға келуі адамның мал-дәулетінің өсуінің нышаны деп есептеген. Бұдан басқа ауру- індет жайлаған кезде де қойға қасқыр шапса, «көкбөрі келді», енді одан тез айығады деп сенген. Халқымыз қас батырды «нағыз көкжалдың өзі» дейді. Жауына көкбөріше тыйу немесе жауын көкбөріше тартуды меңзейтін «көкбар» (көкпар ойыны) осы күнге дейін жалғасқан (Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының, Т 3, 2017:295).

Түркі тілдес тайпалар көкбөріні өздерінің шығу тегімен байланыстырып, ұранға айналдырған. Оның «көкбөрі» аталуы бөрі түсінің көктігінен туған ұғым емес, қайта «көктен келген көк аспанның бөрісі- көк Тәңірдің бөрісі, киелі бөрі» деген түсініктен туған. Халық ішінде бөрінің « Тәңірдің серісі» аталуы да сондықтан.

Бұдан сырт халық арасында таралған ауыз әдебиетінің түрліше үлгілерінде кейбір құстардың бейнесі айрықша әспеттеліп, адам баласы қысылған кезде жанынан табылып жәрдем етуші күшке айналады. «Аю батыр мен Айсұлу» атты мифте былай баяндалады:

«Әбден дағдырған Аю батыр осыншама қалың қарды жауғызған көкке қарап налиды. Сол сәтте көк төсінде ұшып келе жатқан екі құсты – Ұмай мен Құмайды көреді. Олар бірте-бірте төмендей ұшып, үңгірдің аузында тұрған Аю батырдың басын сипай өтеді де, екі кесек тас тастап кетеді. Бұл тастың бірі ақ, енді бірі қызыл тас екен. Бұған таңданған Аю батыр бұл екі тасты қолына алып, бірін-біріне ұрады. Бұл шақпақ тас еді, ұрылғанда жарық етіп ұшқан ұшқын үңгірге тығылған қу шөптер мен шірік қоқырға тиіп, тұтанып жана бастайды.

Осы кезде үңгірге құс бейнесінде ұшып кірген Ұмай ақ шашты анаға айналады да, қу шөпшектерді құшақтап әкеліп салып, жеңімен желпіп, отты маздатып жібереді. Жанған отқа

бойы жылынған Айсұлуға ақырындап жан кіреді. Ол басын көтеріп, орнынан тұрып, өзін өлімнен құтқарған отқа, от анасы Ұмайға иіліп сәлем етеді, сиынып, алғыс айтады. Бұған сүйсінген Ұмай ене, екі алақанын отқа қақтап, Айсұлудың бетіне басады. Онан соң Айсұлудың қолын әкеліп, Аю батырға ұстатып: "Енді екеуің бас құрап, түгін түтетіп, үй болыңдар, өрен-жарандарың көп болсын! Оттарың өшпесін!" – деп бата беріп, көзден ғайып болады» (Бабалар сөзі, Т 78, 2011:48). Бүкіл жер әлем ақ қарға оранып, қыбыр еткен тіршілік белгісі білінбеген кезде қасиетті Ұмай ана құс бейнесінде келіп, оларға көмектеседі. Нақтылы қандай құс екені айтылмаған, «Ұмай мен Құмай» деуіне қарағанда Құмай тектес алып құстар екендігі белгілі. Алып қара құстың адамдарға көмектесетіні туралы мифологиялық сюжет «Манас» эпосында да алыпқарақуш есімімен кездесіп отырады (Сейілбек С, 2018: 641).

Халқымыз арасында аққу киелі, қастерлі құс ретінде ардақталады, халықтың төтем тұтқан құстарының бірі саналады. Қазақтың қайдан шыққандығы туралы бір мифте аққу туралы былай делінген:

«Ерте кезде көп қолды бастаған Қалша қыдыр дейтін батыр қолбасшы болады. Ол бір жолғы жорығында сәтсіздікке тап болып, бастаған қалың қолы қырылып бітеді. Өзі жау қолынан жараланып, елсіз иен шөлде жығылып, жалғыз қалады. Шөлден әбден қақырығы түтеп, өлуге айналады. Осы сәтте көк аспаннан бір аққу ұшып келіп, аузына су тамызып, оны өлімнен құтқарады. Айдын көлдің жағасына апарып, жарасын емдеп жазады. Кейін бұл аққу асқан сұлу аруға айналады. Қалша қыдыр онымен үйленеді. Олардың арасынан қазақ халқының арғы атасы қазақ туады. Қазақтың үш ұлы – Бекарыс, Ақарыс, Жанарыстан қазақ халқын құраған үш жүздің ұрпағы тарайды.» (Бабалар сөзі, Т 78, 2011:50) Аққудың киелілігі туралы Қазақ арасында тараған ауыз екі әңгімелер, аңыздар көп сақталған. Бұдан сырт үкі, байғыз секілді құстарда қастерлі саналады. Саятшылар қолға түскен байғызды сылап-сипап, қайта ұшырып жібереді (Бабалар сөзі, Т 78, 2011:110).

Құстардың хабаршы екендігі, құдай әлемімен рухтарды байланыстыратыны туралы дәлелді ежелгі көшпелі сақ тайпаларының жерлеу рәсімінен де байқауға болады.

«Табыт қақпағының бұрыштарына сыртын жұқа алтынмен қаптаған қоладан құйылған төрт қиял-ғажайып самұрықтарды (олар Грифон емес) орнатқан. Екеуі ұшуға қанаттанған, басқа екеуі қонуға ыңғайланған әрекеті бейнеленген. Бұл жәйт , әрине, кездейсоқтық емес. Көне діни сенімдерде, құс адамның көкке ұшқан жанының өзі немесе нышаны» (Зейнолла С, 2011: 21). Жалпы мифологиялық ойлау жүйесі бойынша, самұрық құстар әлемнің қорғанышы, тірегі, жер мен көкте не болып жатқанын жоғарғы әлемге жеткізіп тұратын қасиет иесі ретінде көрінеді. Бұл ойымызды фольклортанушы ғалым Кенжехан Матыжановтың ғылыми тұжырымдамасы одан ары бекіте түседі.

«Жанның ұшуын ежелгі адамдар заттандырып қабылдаған. Мәселен, «шыбын», одан әрі құс кейпінде. Келе-келе жан өзі ұшпайды, оны жоғарғы әлемге апаратын «көлік» пайда болады. Яғни, өлген адамды бір әлемнен екінші әлемге апаратын - самұрық құс болса, одан - бұғы, қанатты тұлпар болып түрлене жалғасады. Сондай-ақ, ертеде өлген адамның құсқа айналуына мифологиялық сана күмәнсіз сенген. Сондықтан өлген адамды тұғырдан ұшқан құсқа теңеу - тұрақты метафораға айналған». Демек, ежелден бері құстарды киелі санайтын түсініктердің астарында көп ұғым қамтылып жатыр, бұл ұғымдардың барлығы құстардың қастерлілігі туралы наным-сенімді толықтыра түседі (Матыжанов К, 2007: 272).

Көкқұс, көкалақұс – жыл құсының мифтік бейнесі. Ел ауызында сақталып қалған өлең жолдарында көкқұс туралы былай делінеді:

Самалық! Самалық!
Көкқұс көзін аштыма?
айағын жерге бастыма?
Самалық, Самалық !
Самарқанның көк тасы,
жібіді ме? көрдіңбе?
Қап тауының көкқұсы?

жүгірді ме, көрдіңбе?

Көкқұс туралы маусымдық өлеңдерде осындай ұғымдар ұшырасады, басқа көп мәлімет кездестіре алмадық. Көкқұс сөзіндегі көк, көк тәңірінің символы екендігі белгілі. Ол жақсылықтың, жаңалықтың жаршысы (Қазақтың этнографиялық категориялар, Ұғымдар мен атауларының дәстүрлі, Т 3, 2017: 300).

Моңғолия қазақтарында құсбегілікке байланысты мынандай салттар сақталған. «Бүркіті бар үйде жын-шайтан болмайды, ондай үйге пәле жоламайды, бүркіт бір сілкінсе, бар бәле кетеді» деген сенім де кездеседі. Осындай наным-сенімдердің негізінде кейбір тыйымдар да қалыптасқан. Мысалы, «киелі құс» деп, бүркіттің алдынан жүрмейді; бүркіт қанатымен кілем, сырмақ т.б. үй бұйымдарын сыпырмайды; бүркіттің жүнін баспайды; қыран құс қаза тапса немесе құсбегі дүниеден кетсе, саятшылыққа қатысты жабдықтарды саудыратып бос сақтап қоймайды». Бұндай наным-сенімдердің жүлгесі көне замандардан бері жалғасып келе жатқан төтемізм сарқыншақтарымен тікелей қатысты болып табылады (Шетелдегі қазақ фольклоры, 2014: 392-393).

Қазақ халқын құраған ежелгі тайпалар марал, арқар, бұғы, тауешкілерді киелі санаған. Оларды өзін жарылқаушы деп білген. Арқар, құлжаның мүйіздерін керегенің басына іліп, оған құрмет көрсететін болған. «Көк түркілер» атты мифте былай делінеді: «Жол бойы олар ойламаған жерден бір аналық маралды көріп, соның ізімен жүріп отырады. Марал оларды әлі адам аяғы баспаған таудан өткізіп, бір мидай жазыққа алып келеді. Бұлар жан-жақты жақсылап барлап қараса, өздері келген жолдан басқа бұл жерден шығатын жол жоқ екен. Енді олар одан әрмен жүрген сайын жайқалған шабындықты, мөлдіреп аққан суды, тұнық бұлақты және жеміс ағаштарын көріп, Құдайға мың сан алғыстарын айтып, осы жерге қоныстанып, қалып қояды» (Бабалар сөзі, Т 78, 2011: 53). Аналық марал-жол бастаушы. Қасиеттің иесі. Қазақ арасында аналық маралды атуға тиым салынады. Бұл туралы көне жәдігер «қозы көрпеш – баян сұлу» эпосының сюжетінен анық білеміз. «Тасқа айналған аңшы» атты ертегіде: «киіктің зарлы даусынан тау тәңірі әсерленіп, аңның тілегін қабыл етіп, безбүйрек аңшыны көк жартасқа айналдырып жіберген екен», - делінеді (Ауыз әдебиетінің қамбасы, Т.13, 2011).

Фольклорлық мәтіндерден бұғы, киік, арқар, тауешкінің қасиет-киесі туралы ұғым көптеп кездеседі. Халық өмірінің шежіресі іспетті ауыз әдебиеті жанрларында олардың көптеп ұшырасуы осы мүйізді хайуандар туралы түсініктің есте жоқ ескі заманнан бері жалғасып келе жатқандығының дәлелі.

Зерттеуші З.Сәнік еңбегінде былай дейді: «ертеде құрғақшылық жылдарында берілген тасаттық кезінде киіктің, таутекенің т.б ішінен шығатын қызыл тасты бір ыдысқа салып, үстіне су құйып, бұлт шақырып, жаңбыр жаудыруға әрекет қылу да киікті киелі аң деп ұғумен байланысты шыққан» (Зейнолла С, Т.8, 2017: 328).

Қортынды. Қазақ даласында өсіп өнген аңдардың бірі-тауешкі. Тауешкі биіктіктің белгісі, биік кеңістікте мекендейді. Көне қазба мұраларда бейнеленуінше ол көбінесе көсемнің бейнесі ретінде таңдалынып алынған. Тауешкінің мүйіздері биліктің шексіздігінің символы. Тауешкінің, сөнімен бір қатарда бұлан, бұқа, арқар мүйіздері артүрлі халықтардың дүние танымдары мен өнер туындыларында ерекше орынға ие. Бұғы және таутеке, арқар – бұлар сақралды жоғары әлемді білдіретін нышандар.

Есік қорымынан табылған көне жәдігерлер туралы зерттеу еңбегінде былай делінген: «Жазба дерек көздерінде, ежелгі өнер ескерткіштеріне, киімдегі бұғы, жылқы, таутеке бейнелерінің орналасу тәртібіне жасалған талдаулар бұл жануарлардың күн мен жоғарғы әлемнің әмбебап нышандары болғандығын көрсетеді. Зерттеушілердің пайымдауынша, құс, бұғы, таутеке-жылқы әлемнің мифологиялық көрінсінің жоғарғы бөлігінің негізгі кейіпкерлері болған. Жоғарғы әлемді құстар, мүйізді «таутеке - жылқылар» мен қанатты таутеке – жылқылар сипаттайтын. Әлеуметтік беделі жоғары тұлғалардың бас киімдерінде қанатты және мүйізді жылқылардың бейнеленуі кездейсоқтық емес. Олар абыз ханның көзі тірісінде оның киелілігін, қасиеттілігін, делдалдық қызметтерін білдірсе, жерлеу рәсіміндегі

жылқы марқұмды өлгеннен кейін о дүниеге жеткізуді қамтамасыз ететін тасымалдаушы рөлін атқарған» (Есік, 2011: 46).

Қорыта келгенде, ежелден бері халқымыз арасында жалғасып келе жатқан киелі ұғымдардың бір парасын киелі, қастерлі саналатын аң-құстар туралы аңыз-әңгімелер толтырады. Ауыз әдебиет үлгілерінің барлық жанрларында ұшырасатын қастерлі аң-құстар туралы таным жалаң бір наным-сенімдер аясында шектеліп қалмастан, этнографиялық, археологиялық заттық айғақтар арқылы да өзінің маңызын одан ары аша түседі.

Е.Еркин,

Институт литературы и искусства им. М.О. Ауэзова
Алматы қаласы, Қазақстан
erzat010@mail.ru

Священные понятия, связанные с дикими животными и птицами в казахском фольклоре.

Аннотация. На протяжении веков казахский народ, живущий в кочевой жизни в великой степи, пропитан знаниями о тайне мироздания, хорошо разбирается в свойствах животных и птиц. Точно так же, как у древних народов мира были элементы фетишизма, магии, анимизма, тотемизма и других религиозных верований, и у казахского народа также сохранились такие древние верования. Как пишет академик С. Каскабасов «Люди того времени верили, что некоторые животные были святыми, считались родственными, и считали, что некоторые животные были предками племени. Если такие звери не оказывали свою милость, то знали, что охотников не будет сопутствовать удача» (Каскабасов, 2002, 200). Действительно, в племенных группах казахского народа существует вера, что они их происхождения связаны с растениями, животными или с явлениями природы. Например: девиз племени найман - это каптагай (Туйекиик). «Каптагай» - это название крупного верблюда, и, следовательно, древние племена связывают свое происхождение, с генетически-родственной стороны, с животными, растениями, почитали их, поклонялись таинственным свойствам тотем.

Ключевые слова: фольклор, устная литература, покровитель, тотем, священные звери и птицы, легенда и миф, сказка.

E. Yerkin,

Institute of Literature and Art. M.O. Auezova
Almaty qalasy, Kazakhstan
erzat010@mail.ru

Sacred concepts associated with wild animals and birds in Kazakh folklore.

Abstract. the Kazakh people, who lived In the great steppes during the great Patriotic war, were well aware of the properties of animals and birds. Like the ancient peoples of the world were fetishism, Magic, Animism, Totemism, etc., the Kazakh people have preserved such ancient beliefs. "When people believed that some animals are saints, thought that they were born with them, and some animals believed in the ancestors of the genus. If such animals were not good, there would be no hunters, " writes academician S. Kaskabasov (Kaskabasov S, 2002:200). In fact, in the genus-shoulders, forming the Kazakh people, there is a trust to associate their origin with known plant, animal or natural phenomena. Example: the motto of the naimans-Kaptagai (Tookit). Tolpagai is the name of Atan-jilikti, Nar figala, the terrible camel storm, and therefore, the ancient clans-tribes associated their distribution with known genetically related animals, plants, revered them and found them on their rear qualities.

Key words: folklore, oral literature, Kie, tot'em, Holy beasts-birds, myth-myth, fairy tale

Information about authors:

E. Yerkin, Institute of Literature and Art. M.O. Auezova, Almaty қаласы, Kazakhstan, erzat010@mail.ru, ORCID ID - 0000-0002-1974-5374

ӘДЕБИЕТ

- [1] Шетелдегі қазақ фольклоры: Монография. (2014). Жауапты ред. Б.У.Әзібаева. – Алматы: «eva press».
- [2] Уәлиханов Ш. (2010) Көп томдық шығармалар жинағы. –Алматы: «Толағай групп».
- [3] Тойшанұлы А. (2009). Түрік–Моңғол мифологиясы: Монография. –Алматы: «Баспалар үйі». Алматы. «Қайнар университеті»,2/1 басылым,7.
- [4] Сейілбек С. (2018). «Мана» тарихи дәуіріндегі Қырғыздардың этнографиясы, Мифологиялық аспектілері – Дел Зулия университеті (Скопус).
- [5] Самашев З. (2011). БЕРЕЛ. – Алматы: «Таймас» баспа үйі.
- [6] С.Итеғұлова. (2004). Қазақ мифологиялық эпосы. – Алматы: «Ғылым» баспа орталығы.
- [7] Өмірбекова М.Ш. (2015). Көшпенділер мәдениеті. Қазақтың дәстүрлі өнерінің рәміздік негіздері. – Алматы: РПБК «Дәуір».
- [8] Қасқабасов С. (2002). Жаназық. – Астана: Аударма.
- [9] Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі-энциклопедия. (2017) .Т. 3. – Алматы: «Дәуір».
- [10] Қазақ ауыз әдебиетінің қамбасы, «аңыз-ертегілер бөлімі». (2011) .13-Т. – Үрімжі: Шыңжаң халық баспасы.
- [11] Кенжехан Ісләмжанұлы Матыжанов. (2007) Қазақтың отбасы фольклоры. Монография. – Алматы: «Арыс» баспасы.
- [12] Зейнолла С. (2017). Көптомдық шығармалар жинағы. 8-Т. – Алматы: «Ан Арыс» баспасы.
- [13] Есік. Иссык. Esik.(2011). Г.С. Жұмабекова, Ф.А. Базарбаева, А. Оңғар. – Алматы: Илл.
- [14] Бабалар сөзі. (2011). Т. 78. Қазақ мифтері. – Астана: «Фолиант».
- [15] Адаева.Г.А. (2009). Көне қазақ төтемдері: хабаршы журналы.

ЛИТЕРАТУРА

1. Адаева.Г. А. (2009). Древний казахский төтемдері: журнал вестник. Астана. «Университет Кайнар», издание 2/1, 7.
2. Бабалар сози. (2011). Т. 78. Казахские мифы. – Астана: «Фолиант».
3. Валиханов Ч. (2010). Многотомный сборник произведений. – Алматы: «Толағай групп».
4. Есік. Иссык. Esik. (2011). Жумабекова Г.С., Базарбаева Г.А., Оңғар А. – Алматы: илл.
5. Зейнолла С. (2017). Многотомный сборник произведений. Т. 8. – Алматы: издательство «Ан-Арыс».
6. Итегулова С. (2004). Казахский мифологический эпос. – Алматы: издательский центр «Наука».
7. Казахский фольклор за рубежом. (2014). Монография. Отв. Редактор Азибаева Б.У. – Алматы: «Eva press».
8. Касқабасов С. Жаназық.(2002) – Астана: Аударма.
9. Клад казахской фольклорной литературы, «раздел легенд и сказок». (2011). Т. 13. – Урумчи: Синьцзянское народное издательство
10. Матыжанов К.И. (2007). Казахский семейный фольклор. Монография. – Алматы:Издательство «Арыс».
11. Омирбекова М.Ш. Кочевая культура. (2015).Символические основы казахского традиционного искусства. – Алматы: «Дауір» РИПК.
12. С. Сейілбек (2018). Этнография киргизов, мифологические аспекты исторической эпохи "Мана" - университет дела Зулии (Скопус).
13. Самашев З. (2011). Берел. – Алматы: издательский дом «Таймас».
14. Тойшанұлы А. (2009). Турецко-монгольская мифология. Монография. – Алматы: «Дом Издательство».
15. Традиционная система казахских этнографических категорий, понятий и названий. Энциклопедия. (2017). Т.3. – Алматы: «Дауір».

REFERENCES

- [1]Adaeva.G. A. (2009). Ancient Kazakh tamdar: the journal Gazette. Astana. Kainar University, edition 2/1, 7.
- [2]Kaskabasov S. (2002). Provisions. - Astana: Translation.
- [3]Kazakh Folklore Abroad: Monograph. (2014). Exeutive Editor: B.U. Abibayeva. - Almaty: "eva press".
- [4]Kazakh folklore treasure, "legends and fairy tales". (2011) .8-Т. - Urumqi: Xinjiang people's publishing house.
- [5]Matyzhanov K. (2007) A Monography on Kazakh Bed-Time Story folklore.. - Almaty: "Arys" publishing house.
- [6]Omirbekova M.Sh. (2015). Nomad culture. Symbolic bases of Kazakh traditional art. - Almaty: RPC "Dauir".
- [7]Saken S. (2018). Mythological aspects of the kyrgyzs' ethnographic way of life in the historical epos "Manas". – Del Zulia Universidad (Scopus).
- [8]Samashev Z. (2011). BEREL. - Almaty: Taimas publishing house.
- [9]Steegulova. (2004). The Kazakh mythological epos. - Almaty: publishing center "Science".
- [10]Esik (2011). GS Zhumabekova, GA Bazarbayeva, A. Right. - Almaty: Ill.
- [11]The traditional system of ethnographic categories, concepts and names of the Kazakh language - encyclopedia. (2017) .Т. 3. Almaty: "Dauir".
- [12]The word of ancestors. (2011). Т. 78. The Kazakh myths. - Astana: "Foliant".
- [13]Toyshyanov A. (2009). Turkish-Mongolian Mythology: Monograph. -Almaty: House of Publishing.
- [14]Valikhanov Sh. (2010) A multi-volume works collection -Almaty: Tolagay Group».
- [15]Zeynolla S. (2017). Multiple collections of works. Т-8. - Almaty: "An Arys" publishing house.

